Для цитирования: Б.И. Абилов, С.Ж. Асылбекова, С.Ю. Долгополова, А.А. Мукатай (2026). Биологическая характеристика воблы (*Rutilus caspicus* (Yakovlev 1870)) в Каспийском море // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Is. 3. Number 111. Pp. 8–22. <https://doi.org/10.37884/3-2026/01> [In Kaz.].

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Благодарность: научно-исследовательская работа проводилась в рамках программы, BR21882122 «Устойчивое развитие природно-хозяйственных и социально-экономических систем Западно-Казахстанского региона в контексте зеленого развития: комплексный анализ, концепция, прогнозная оценка и сценарии».

Кіріспе.

Каспий қаракөзі *Rutilus Caspicus* (Yakovlev 1870) – Каспий теңізіндегі балықтардың ең көп таралған және кәсіптік мақсатта ауланатын түрлерінің бірі [Harkonen et al., 2008: 356–361]. Бұл жарты-лай өтпелі балық, оның өмірлік циклінің негізгі бөлігі теңіз суында өтеді және уылдырық шашу үшін Еділ және Жайық өзендеріне миграция жасайды [Иванов, 2000: 83]. Каспий теңізі – әлемдегі ең ірі тұйық су айдыны болып табылады және оның ихтиофаунасы жоғары биологиялық әртүрлілігімен ерекшеленеді. Каспий бассейнінде кәсіптік маңызы бар балық түрлерінің ішінде қаракөз ерекше орын алады. Бұл түр ұзақ уақыт бойы жергілікті халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және балық шаруашылығы саласының экономикалық дамуында маңызды рөл атқарып келеді. Қаракөздің қазіргі биологиялық жағдайы уылдырық шашатын табындар санының төмендеуімен және ересек топтардың үлесінің төмендеуімен сипатталады [Баққожа et al., 2025: 86–97]. Қаракөздің жыныстық жетілуі әдетте 2–3 жасында басталады. Каспий теңізінде қаракөздің уылдырық шашуы көктемде су температурасы 8–12°C кезінде, негізінен су өсімдіктері бар жайылма жерлерде жүреді. Көбеюдің сәттілігі көктемгі су мөлшеріне және уылдырық шашатын жерлердің ыңғайлы болуымен тікелей байланысты. Өзендердің көктемгі ағыны көлемінің азаюы, ги-дрологиялық режимнің өзгеруі және Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі түрдің табиғи көбеюіне теріс әсер етеді. Уылдырық шашу кезеңінде браконьерлік аулау, су ортасының ластануы және жем-шөп базасының өзгеруі қосымша шектеуші факторлар болып табылады. Нәтижесінде ұрпақтар санының жылдар бойынша тұрақсыздығы және популяция әлеуетінің жалпы әлсіреуі байқалады [Митрофанов et al., 1987: 52–65; Ветгулина, 2017: 22–28]. Соңғы онжылдықтарда Каспий теңізінің экологиялық жағдайында елеулі өзгерістер байқалуда. Теңіз деңгейінің ауытқуы, өзен ағындарының қысқаруы, климаттық факторлардың өзгеруі және антропогендік жүктеменің артуы балық популяцияларының құрылымы мен өнімділігіне әсер етуде. Әсіресе жартылай өтпелі балықтар үшін уылдырық шашу орындарының қысқаруы және табиғи көбею жағдайының нашарлауы маңызды проблема болып отыр.

Қаракөз популяциясының қазіргі жағдайын бағалау олардың морфометриялық көрсеткіштерін, жас құрылымын, жыныстық құрамын және қоректену ерекшеліктерін кешенді зерттеуді талап етеді. Мұндай зерттеулер популяцияның тұрақтылығын бағалауға, табиғи толықтыру қарқындылығын анықтауға және қорларды ұтымды пайдалану стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеде ұзындық-салмақ арақатынасы, қондылық коэффициенттері және жас құрылымының көрсеткіштері балық популяцияларының экологиялық жағдайын бағалаудың негізгі индикаторлары ретінде кеңінен қолданылады. Бұл көрсеткіштер қоректік базаның жағдайын, өсу қарқынын, дарактардың физиологиялық күйін және қоршаған орта факторларының ықпалын сипаттайды. Сондықтан Каспий қаракөзі бойынша заманауи биологиялық мәліметтерді алу ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады. Отандық ғалымдардың [Dautbayeva et al., 2017: 412–420] балықтардың қоректенуі және трофикалық байланыстар туралы экологиялық зерттеулерінде Солтүстік Каспийдегі қаракөз балығы негізінен су түбіндегі организмдермен қоректенетіні, ал қорегінің құрамы жыл маусымдарына және қоршаған орта жағдайларына байланысты екендігі анықталды. Каспийдің солтүстік-шығыс бөлігіндегі қаракөздің биологиялық көрсеткіштеріне, оның ішінде популяцияның ұзындығы, массасы және құрылымы туралы мәліметтерге, сонымен қатар, популяция жағдайына және түрдің таралуына арналған [Камелов et al., 2020: 45–52]. Солтүстік Каспийдегі зерттеулер бойынша су температурасының ауытқуы қаракөздің жас шабақтарының таралуына және табындарының пайда болуына әсер ететінін көрсетеді [Damys et al., 2024: 6].

Соңғы жылдары Каспий теңізі экожүйесінде орын алып жатқан табиғи және антропогендік өзгерістер су биоресурстарының жағдайына айтарлықтай әсер етуде. Климаттың өзгеруі, өзендердің ағын режимінің бұзылуы, теңіз деңгейінің ауытқуы және антропогендік қысымның күшеюі көптеген кәсіптік маңызы бар балық түрлерінің таралуына, көбеюіне және қоректік базасына ықпал етеді. Осындай жағдайларда Каспий теңізінің балық қорларын тұрақты пайдалану үшін олардың популяциялық құрылымы мен биологиялық ерекшеліктерін жүйелі түрде зерттеу ерекше маңызға ие.

Қаракөз (*Rutilus caspicus*) тұқытәрізділер тұқымдасына жататын жартылай өткінші балық түрі болып табылады. Бұл түр Каспий теңізінің барлық бөліктерінде кездеседі және кәсіптік аулауда маңызды орын алады. Қаракөздің негізгі қоректену аймағы теңіздің таяз жағалау бөліктері болып саналса, көбею кезеңінде ол өзендердің сағалық және жайылмалық аймақтарына өрістейді. Түрдің тіршілік циклі теңіз және тұщы су экожүйелерімен тығыз байланысты болғандықтан, гидрологиялық жағдайлардың өзгеруіне өте сезімтал келеді.

Каспий бассейніндегі көптеген зерттеулер қаракөз қорының соңғы онжылдықтарда бірқатар өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді. Әсіресе өзендердің табиғи ағынының азаюы, су деңгейінің төмендеуі және уылдырық шашу орындарының қысқаруы табиғи толықтыру қарқындылығына әсер етуде. Сонымен қатар, балық аулау қарқындылығының артуы популяциядағы ірі және жасы үлкен дарақтардың үлесінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Мұндай өзгерістер ұзақ мерзімді перспективада популяцияның тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторлардың қатарына жатады.

Балық популяцияларының қазіргі жағдайын бағалауда морфометриялық көрсеткіштер ерекше орын алады. Ұзындық пен салмақ көрсеткіштері балықтардың өсу қарқынын, физиологиялық жағдайын және қоректік базамен қамтамасыз етілу деңгейін сипаттайтын негізгі индикаторлар болып табылады. Әлемдік ихтиологиялық тәжірибеде ұзындық-салмақ арақатынасы балықтардың өсу заңдылықтарын анықтау үшін кеңінен қолданылады. Бұл көрсеткіштер популяцияның экологиялық жағдайын бағалауға және әртүрлі аймақтардағы түрлердің биологиялық ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Қондылық коэффициенттері де балықтардың физиологиялық жағдайын бағалаудың маңызды құралдарының бірі болып саналады. Фультон және Кларк коэффициенттері дарақтардың қоректену деңгейін, энергия қорының жиналуын және тіршілік ортасының қолайлылығын жанама түрде сипаттайды. Қондылық көрсеткіштерінің жоғары болуы қорек қорының жеткілікті екенін және балықтардың экологиялық жағдайының қолайлы екенін көрсетсе, олардың төмендеуі қоректік ресурстар тапшылығы немесе қоршаған орта жағдайының нашарлауымен байланысты болуы мүмкін.

Популяцияның жас және жыныстық құрылымы балық қорларының тұрақтылығын бағалауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе жас дарақтардың үлесі табиғи толықтыру қарқындылығын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Егер популяция құрамында жас балықтар басым болса, онда табиғи көбею процесі белсенді жүріп жатыр деп бағаланады. Ал ересек дарақтардың азаюы кәсіптік аулау қысымының немесе қолайсыз экологиялық жағдайлардың салдары болуы мүмкін.

Қоректену белсенділігін зерттеу де популяцияның экологиялық жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. Қоректік базаның жеткіліктілігі балықтардың өсуіне, қондылығына және көбею қабілетіне тікелей әсер етеді. Сондықтан ішек толымдылығын зерттеу арқылы балықтардың қоректену қарқындылығы мен табиғи азықтық ресурстардың жағдайын жанама бағалауға болады.

Осыған байланысты Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қаракөз популяциясының қазіргі биологиялық жағдайын бағалау ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады. Мұндай зерттеулер түрдің популяциялық құрылымындағы өзгерістерді анықтауға, оның экологиялық жағдайын бағалауға және балық ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қаракөз популяциясының қазіргі биологиялық жағдайын, морфометриялық көрсеткіштерін, жас-жыныстық құрылымын және қоректену ерекшеліктерін бағалау.

Зерттеу міндеттері:

- морфометриялық және салмақтық көрсеткіштерін анықтау;
- қондылық коэффициенттерін бағалау;
- популяцияның жас және жыныстық құрылымын зерттеу;
- қоректену белсенділігін талдау.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмыстары 2025 жылдың маусым айында Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан 10 ғылыми-зерттеу станциясында жүргізілді. Зерттеу ауданы Солтүстік Каспийдің әртүрлі гидрологиялық және экологиялық жағдайларымен ерекшеленетін аймақтарын қамтыды. Балық үлгілері Баутино, Құлалы аралы, Қаражанбас, Прорва, СКТК, Қашаған-1, Қашаған-2, Шалығы аралы, Жайық және Қиғаш өзендерінің сағалары маңындағы бекітілген станциялардан жиналды (Кесте 1). Зерттеу барысында жалпы саны 442 дана қаракөз балығы ауланды. Балықтарды аулау үшін ұзындығы 25 м стандартты құрма аулар қолданылды. Аулардың көз өлшемдері 12 мм-ден 80 мм-ге дейін өзгеріп отырды, бұл әртүрлі өлшемдегі және жастағы дарақтарды қамтуға мүмкіндік берді. Аулар кешкі уақытта құрылып, теңізде орта есеппен 12 сағат бойы ұсталды. Таңертең ауланған балықтар іріктеліп, әрі қарай зертханалық өңдеуге жеткізілді. Әрбір дараққа толық биологиялық талдау жүргізілді. Морфометриялық көрсеткіштерді анықтау кезінде балықтың жалпы ұзындығы (L), құйрық қанатынсыз ұзындығы (l), толық салмағы (Q) және ішкі мүшелерін алып тастағаннан кейінгі салмағы (q) өлшенді. Ұзындық көрсеткіштері миллиметр дәлдігімен ихтиологиялық өлшеу тақтасы арқылы анықталды, ал салмақ электронды таразы көмегімен 0,1 г дәлдікпен өлшенді.

Балықтардың жынысы гонадаларды макроскопиялық зерттеу арқылы анықталды. Аталық және аналық дарақтардың арақатынасы есептеліп, популяцияның жыныстық құрылымы бағаланды. Жас құрылымын анықтау үшін әрбір дарақтан қабыршақ үлгілері алынып, зертханалық жағдайда микроскоп арқылы зерттелді. Жас мөлшері Чугунова (1952) әдістемесіне сәйкес қабыршақтағы жылдық сақиналарды санау арқылы анықталды. [Чугунова 1952: 115]. Балықтардың жасын зертханалық жағдайда қабыршақтары арқылы анықталды. Ихтиологиялық материалды жинау және өңдеу ихтиологияда жалпы қабылданған әдістер бойынша жүргізілді [Правдин 1966: 376; Кушнаренко, 2003: 180]. Балықтардың физиологиялық жағдайының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде Фультон және Кларк қондылық коэффициенттері анықталды.

Фультон қондылық коэффициентінің формуласы:

$$K = \frac{Q \times 100}{L^3} \quad (1)$$

мұндағы:

K – Фультон қондылық коэффициенті

Q – балықтың толық салмағы (г)

L – балықтың жалпы ұзындығы (см)

Кларк қондылық коэффициентінің формуласы:

$$K = \frac{q \times 100}{l^3} \quad (2)$$

мұндағы:

K – Кларк коэффициенті

q – балықтың ішкі мүшелерінсіз (тазаланған) салмағы (г)

l – балықтың құйрық қанатынсыз ұзындығы (см немесе мм)

Ұзындық пен салмақ арасындағы тәуелділікті анықтау үшін ұзындық–салмақ арақатынасы классикалық $W = aL^b$ теңдеуі бойынша есептелді, мұндағы W – салмақ, L – ұзындық, a және b – регрессиялық коэффициенттер. Өсу типі b коэффициентінің мәніне сәйкес бағаланды: $b=3$ болған жағдайда изометриялық өсу, $b>3$ болған жағдайда оң аллометриялық өсу, ал $b<3$ болған жағдайда теріс аллометриялық өсу деп қабылданды.

Қоректену белсенділігін бағалау үшін балықтардың ішек толымдылығы Н.В. Лебедевтің әдістемесі бойынша 6 балдық шкаламен анықталды. Бағалау кезінде ішектің қорекпен толу дәрежесі визуалды түрде зерттеліп, 0-ден 5 балға дейінгі көрсеткіштер тіркелді. Бұл әдіс зерттелетін популяцияның қоректену қарқындылығы мен азықтық жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді.

Алынған деректерді статистикалық өңдеу IBM SPSS Statistics 21 және Microsoft Excel бағдарламалары көмегімен жүргізілді. Әрбір көрсеткіш үшін орташа арифметикалық мән (М), стандарттық ауытқу (SD), орташа қателік (m), вариация коэффициенті (Cv) есептелді. Ұзындық пен салмақ арасындағы байланысты бағалау үшін корреляциялық және регрессиялық талдау қолданылды. Модельдің сенімділігі детерминация коэффициенті (R^2) арқылы бағаланды. Барлық статистикалық айырмашылықтар $p < 0,05$ деңгейінде мәнді деп қабылданды. Деректерді статистикалық өңдеу Г.Ф. Лакин әдістемесіне [Лакин, 1990: 352] сәйкес және IBM SPSS Statistics 21, Excel компьютерлік бағдарламасы арқылы жүргізілді.

Кесте 1 – Каспий теңізіндегі ғылыми зерттеу жүргізілген станциялардың координаттары

№	Станция атауы	Ауланған балықтар саны	Координаттары	
			Ендік	Бойлық
1	Баутино	14	44°35'14.27"С;	50°14'36.22»В
2	Құлалы аралы	92	44°45'11.6"С;	050°15'27.2"В
3	Қаражанбас	21	45°29'29.80"С;	51°26'0.87"В
4	Прорва	17	45°49'42.61"С;	52°22'5.51"В
5	СКТК	51	46° 2'48.80"С;	52°10'51.50»В
6	Қашаған-1	42	46°15'26.26"С;	52° 3'18.69»В
7	Қашаған-2	18	46°33'7.02"С;	51°55'45.68»В
8	Шалыги аралы	11	46°34'53.90"С;	51°30'14.00»В
9	Жайық сағасы	85	46°47'58.10"С;	51°22'41.77»В
10	Қиғаш сағасы	91	46°19'57.86"С;	50° 6'54.20»В

Зерттеу нәтижелері.

Каспий теңізінің белгіленген орындарынан жалпы саны 442 қаракөз балықтары ауланды (Сурет 1). Зерттеу нәтижелері бойынша жүргізілген морфометриялық және салмақтық көрсеткіштердің талдауы олардың өлшемдері мен қондылық деңгейінің айтарлықтай өзгермелі екенін көрсетеді.



Сур. 1. Каспий қаракөзі
 [Fig. 1. Caspian black-eyed fish]

Балықтардың жалпы ұзындығы (L) 124 мм-ден 280 мм-ге дейін ауытқып, орташа мәні $170,7 \pm 29,7$ мм құрады. Вариациялық коэффициенттің 17,0 % болуы популяцияда ұзындық бойынша орташа деңгейдегі өзгергіштік бар екенін көрсетеді. Құйрық қанатынсыз ұзындығы (l) 102–230 мм аралығында өзгеріп, орташа $140,9 \pm 25,6$ мм болды, ал вариациялық коэффициенті 18,0 % шамасында, яғни бұл белгі де салыстырмалы түрде тұрақты, бірақ белгілі бір дәрежеде өзгергіштік байқалады (кесте 2).

Балықтардың салмағы (Q) әр түрлі жастық топтарды құрағандықтан айтарлықтай кең диапозонда – 15 г-нан 245 г-ға дейін өзгерді. Орташа салмағы $51,9 \pm 35,6$ г құрады. Вариациялық коэффициенттің жоғары мәні (68,6 %) бұл көрсеткіштің өте құбылмалы екенін, яғни популяцияда әртүрлі жас және қоректену деңгейіндегі дарактар бар екенін білдіреді. Ұқсас жағдай ішкі құрылысынсыз салмақта (q) да

байқалады: 12–220 г аралығында өзгеріп, орташа мәні $47,7 \pm 32,4$ г, вариация коэффициенті 67,9 %. Бұл да салмақ көрсеткіштерінің тұрақсыздығын дәлелдейді.

Кесте 2 – Каспий қаракөзі балығының биологиялық көрсеткіштері, $n=442$

Белгілері	min-max	$M \pm m$	C_v
L, mm	124-280	$170,7 \pm 29,7$	17,0
l, mm	102-230	$140,9 \pm 25,6$	18,0
Q, gr	15-245	$51,9 \pm 35,6$	68,6
q, gr	12-220	$47,7 \pm 32,4$	67,9
Fulton	1,0-2,3	$1,7 \pm 0,19$	11,2
Klark	0,8-2,1	$1,5 \pm 0,18$	12,0

Ескерту: L, mm – балықтың ұзындығы, l, mm – балықтың құйрық қанатынсыз ұзындығы, Q, gr – балықтың салмағы, q, gr – балықтың ішкі құрылысынсыз салмағы, Fulton – толық қондылық коэффициенті, Klark – кіші қондылық коэффициенті, min – балықтың ең кіші өлшемі, max – балықтың ең үлкен өлшемі, M – орташа мәні, m – стандартты ауытқу, C_v – вариациялық коэффициент.


Қондылық коэффициенттері бойынша талдау балықтардың қоректік жағдайының салыстырмалы түрде жақсы екенін көрсетті. Фультон коэффициенті 1,0–2,3 аралығында өзгеріп, орташа $1,7 \pm 0,19$ болды. Вариациялық коэффициенттің төмендігі (11,2 %) бұл көрсеткіштің тұрақты екенін көрсетеді. Сол сияқты Кларк коэффициенті 0,8–2,1 аралығында, орташа $1,5 \pm 0,18$ мәнімен сипатталады, вариациялық коэффициенті 12,0 %, яғни бұл да салыстырмалы тұрақты көрсеткіш.

Статистикалық талдау кезінде орташа мән (M), орташа қателік (m), вариация коэффициенті (C_v) есептелді. Ұзындық пен салмақ арасындағы байланыс корреляциялық-регрессиялық талдау арқылы бағаланды. Айырмашылықтар $p < 0,05$ мәнділік деңгейінде қарастырылды.

Зерттелген балықтар популяциясында ұзындық көрсеткіштері бойынша орташа өзгергіштік байқалса, салмақ көрсеткіштері бойынша жоғары өзгергіштік анықталды. Ал қондылық коэффициенттері салыстырмалы түрде тұрақты болып, балықтардың қоректену жағдайы мен физиологиялық күйінің бірқалыпты екенін көрсетеді.

Қаракөз балығының салмағы оның ұзындығына тәуелді және бұл тәуелділік экспоненциалдық сипатқа ие болып, үлгілер арасында белгілі бір тұрақтылық пен заңдылық байқалады. Нүктелер жеке балықтардың ұзындығы мен салмағын бейнелейді, ал қара сызық оларға сәйкес келетін экспоненциалдық регрессияның тренд сызығы.

Ұзындық–салмақ арақатынасы $W = aL^b$ теңдеуі бойынша анықталды. Зерттеу нәтижесінде теңдеу параметрлері $W = 0,00001787L^{2,985}$ болып есептелді. Детерминация коэффициенті жоғары мән көрсетті ($R^2 = 0,951$), бұл ұзындық пен салмақ арасындағы тығыз байланысты дәлелдейді. Алынған $b = 2,985$ мәні 3-тен сәл төмен болғандықтан, зерттелген балықтарда теріс аллометриялық өсу байқалды. Бұл балықтардың ұзындық бойынша өсу қарқыны салмақ қосу қарқынынан біршама жоғары екенін көрсетеді. (сурет 2).




Сур. 2. Қаракөздің ұзындық және салмақтық өсу көрсеткіші
[Fig.2. Length and weight growth of black-eyed fish]

Корреляция коэффициентінің ($R^2=0,95$) жоғары мәні бұл модельдің деректерді өте жақсы сипаттайтынын білдіреді, яғни ұзындық пен салмақ арасындағы тәуелділік сенімді әрі күшті.

Қаракөздің ұзындығының ең көп таралған мәні – 12–15 см, бұл үлестердің 44,3 %-ын құрайды. Бұл ұзындықтағы балықтар популяцияда басым, яғни олардың көпшілігі осы өлшем аралығында. Сонымен қатар, 10–12 және 15–17 см ұзындықтағы балықтар үлесі 23,1 % және 22,6 % болып, жас топтарда балықтардың едәуір бөлігі кішкентай үлгілер екенін байқатады.

17 см және одан үлкен ұзындықтағы балықтардың үлесі айтарлықтай төмендеп, тиісінше 5,5 %, 3,7 % және 0,9 % құрайды. Бұл ересек және үлкен жастағы қаракөздердің саны аулауда аз кездесетінін білдіреді (сурет 3 а).


Қаракөз популяциясында жас топтар басым, ал ұзындығы 17 см және одан жоғары үлгілердің үлесі салыстырмалы түрде төмен, яғни үлкенірек, ересек балықтар саны аздау.



а) б)
Сур.3. Қаракөздің ұзындық және жастық топтарының үлесі, %
[Fig. 3. Percentage distribution of length and age groups of black-eyed fish]

3 (б) суретте қаракөз балығының түрлі жастық топтарына жататын үлестерінің пайыздық үлесін көрсетеді. 3 жастық балықтар ең көп үлесті алып, популяцияның 36,2 %-ын құрайды. 2 жастық балықтар да айтарлықтай үлеске ие – 34,4 %, бұл көрсеткіш жас топтардағы басымдылықты көрсетеді. 4 жастық балықтардың үлесі 22,4 % болып, орта жастағы топты сипаттайды. Ең кішкентай үлес 5 жастағы балықтарға тиесілі, олардың саны популяцияның тек 7 %-ын құрайды. Жалпы қаракөз популяциясында жас топтар басым, әсіресе 2 және 3 жасар балықтар көп, ал үлкенірек жас топтарының үлесі айтарлықтай төмен. Бұл өсу динамикасы мен табиғи өлім-жітім деңгейі туралы түсінік береді.

Популяцияда аталық дарақтардың үлесі жоғары болды, яғни олардың саны аналықтарға қарағанда шамамен 10%-ға артық. Аналық дарақтардың үлесі – 44,1 % құрады, бұл популяцияның көбею әлеуетінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді. Ал ювенальді дарақтардың үлесі – 1,4 %, бұл жас балықтардың зерттеу кезінде олардың аз ұсталғанын білдіреді. Яғни жас шабақтары суайдының орта бөлігіне қарағанда жағалауларында көбірек кездеседі (сурет 4).



Сур.4. Қаракөздің жыныстық топтарына байланысты ара қатынасы, %
[Fig. 4. Sex ratio of black-eyed fish, %.]

Балықтардың қоректенуіне байланысты ішектің толымдылығын анықтау дәрежесі қоректің визуалды мөлшерін көрсететін Н.В. Лебедев әдісі бойынша 6 балдық шкаламен (0-ден 5 — ке дейін) бағаланады.

Ішектің толымдылық шкаласы:

0 бал – ішек толығымен бос.

1 бал – қорек қалдықтары (аздаған қорек қалдықтары).


2 бал – әлсіз дәреже (қорек ішектің жартысынан азын алады).

3 бал – орташа дәреже (қорек ішектің жартысына жуығын алады).

4 бал – жоғары дәреже (ішек толығымен толтырылған, бірақ созылмайды).

5 бал – максималды дәреже (ішек толысуы қорек қатты созылады).

Қаракөз балығының қоректену белсенділігін бағалау мақсатында ішегінің толымдылығы балдық шкала бойынша анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша ішектің толу деңгейі әртүрлі дәрежеде байқалды.



Сур. 5. Қаракөз балығының қоректенуіне байланысты ішегінің толымдылық көрсеткіші, балдық шкаламен %
[Fig. 5. Percentage distribution of the gut fullness index of black-eyed fish in relation to feeding, based on a point scale]

5 суретте зерттелген балықтардағы ішектің толу дәрежесі бойынша (баллмен) пайызбен бөлінуін көрсетілген.

Ең жоғары үлесті 3 балл көрсеткіші құрап, ол 50,7 %-ды көрсетті. Бұл балықтардың басым бөлігінің ішегі орташа деңгейден жоғары толғанын, яғни қоректену белсенділігі жақсы екенін білдіреді. Сонымен қатар, 2 балл көрсеткіші де жоғары болып, 46,2 %-ды құрады, бұл да балықтардың едәуір бөлігінде қорек бар екенін көрсетеді, бірақ толымдылығы орташа деңгейде.

Ал ішегі толуға жақын толған балықтар (4 балл) өте аз кездесіп, олардың үлесі небәрі 1,4 % болды. Бұл қоректің шамадан тыс жиналуы сирек екенін көрсетеді. Ең төменгі көрсеткіш — 1 балл (1,8 %), яғни ішегі өте аз толған немесе әлсіз қоректенген дарақтар саны аз.

Жалпы қаракөз балығының популяциясында 2–3 баллдық көрсеткіштер басым болды. Бұл дегеніміз олардың қоректену жағдайы қанағаттанарлық және тұрақты екенін, табиғи қорек қоры жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

Талқылау.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қаракөз популяциясына жүргізілген зерттеу нәтижелері бұл түрдің қазіргі биологиялық жағдайын сипаттауға және алынған деректерді халықаралық ғылыми әдебиеттерде келтірілген мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында анықталған морфометриялық көрсеткіштер, қондылық коэффициенттері, жас құрылымы және қоректену белсенділігі популяцияның экологиялық жағдайын кешенді бағалауға негіз болды.

Зерттелген популяциядағы ұзындық-салмақ көрсеткіштерінің қалыптасуына су айдынының гидрологиялық режимі де айтарлықтай әсер етеді. Каспий теңізінің солтүстік және солтүстік-шығыс бөліктері өзен ағындарының ықпалында болатындықтан, судың минералдануы, температуралық режимі және қоректік заттардың мөлшері маусым бойынша өзгеріп отырады. Бұл жағдайлар зоопланктон мен бентос организмдерінің өнімділігіне тікелей әсер етіп, қаракөз балығының өсу

қарқыны мен қондылық көрсеткіштерінің қалыптасуын анықтайды. Зерттеу барысында анықталған жоғары қондылық коэффициенттері қоректік базаның жеткілікті деңгейде болғанын және дарақтардың қолайлы экологиялық жағдайда дамығанын көрсетеді.

Қоректену белсенділігінің жоғары болуы зерттеу кезеңіндегі гидробиологиялық жағдайлардың қолайлылығымен түсіндіріледі. Су температурасының оптималды деңгейде болуы және табиғи азықтық организмдердің жеткілікті мөлшерде дамуы қаракөз балығының белсенді қоректенуіне мүмкіндік берген. Сондықтан ішек толымдылығының 2–3 балл деңгейінде басым болуы популяцияның физиологиялық жағдайының жақсы екенін және зерттеу жүргізілген кезеңде қоректік ресурстар тапшылығы байқалмағанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қаракөз балығының ұзындық ($C_v=17-18\%$) және салмақ ($C_v=68\%$) көрсеткіштері арасындағы айырмашылық басқа да тұқытекес балықтарға тән заңдылықтармен сәйкес келеді. Мысалы, көптеген авторлар [Froese, 2006: 241–253; Motasim, 2015; Le Cren. 1951: 201–219] балықтардың ұзындық көрсеткіштері салыстырмалы тұрақты, ал салмақ көрсеткіштері жоғары өзгергіштікке ие болатынын көрсеткен. Бұл, ең алдымен, қоректену жағдайы, жас құрылымы және маусымдық факторлардың әсерімен түсіндіріледі. Біздің зерттеулерімізде де салмақтың жоғары вариация коэффициенті популяциядағы дарақтардың әртүрлі жас топтарына жататынын және қоректік базаға тәуелді екенін дәлелдейді. Ұқсас нәтижелер көптеген ихтиологиялық зерттеулерде келтірілген. Froese балықтардың ұзындық көрсеткіштері әдетте тұрақтырақ болатындығын, ал салмақ көрсеткіштері қоректену жағдайына, маусымдық өзгерістерге және дарақтардың физиологиялық күйіне байланысты жоғары өзгергіштікке ие болатынын көрсеткен. Le Cren алабұға популяцияларын зерттеу барысында да салмақ көрсеткіштері ұзындыққа қарағанда анағұрлым жоғары вариациямен сипатталатынын анықтаған. Біздің нәтижелер осы заңдылықтарға толық сәйкес келеді және Каспий қаракөзі популяциясында әртүрлі жастағы және әртүрлі қоректік жағдайда болатын дарақтардың кездесетінін көрсетеді.

Зерттеу барысында алынған ұзындық-салмақ арақатынасы теңдеуінің нәтижелері де халықаралық әдебиеттердегі мәліметтермен үндеседі. Біздің зерттеуде алынған $b=2,985$ мәні изометриялық өсу көрсеткішіне өте жақын болғанымен, теріс аллометриялық өсу типіне сәйкес келеді. Froese (2006) жүргізген метаталдау нәтижелері бойынша көптеген тұқы тұқымдас балықтар үшін b коэффициентінің мәні әдетте 2,5 пен 3,5 аралығында болады. Сондықтан алынған көрсеткіш түр үшін қалыпты биологиялық шектерде орналасқан. Сонымен қатар Motasim және әріптестері (2015) зерттеген *Valamugil seheli* түрінде де b коэффициентінің 3-тен төмен мәндері анықталған, бұл белгілі бір экологиялық жағдайларда ұзындықтың салмаққа қарағанда жылдамырақ өсетіндігін көрсетеді.

Ұзындық пен салмақ арасындағы тәуелділіктің экспоненциалды сипатта болуы ($R^2 = 0,95$) халықаралық зерттеулердегі аллометриялық өсу заңдылықтарымен толық сәйкес келеді. [Froese, 2006:] өз еңбегінде балықтардың көпшілігінде салмақ пен ұзындық арасындағы байланыс $W = aL^b$ теңдеуімен сипатталатынын және $b>3$ болған жағдайда оң аллометриялық өсу байқалатынын көрсеткен. Біздің жағдайда да ұзындықтың артуымен салмақтың қарқынды өсуі осы заңдылықты растайды.

Қондылық коэффициенттері бойынша алынған нәтижелер де халықаралық әдебиеттердегі мәліметтермен салыстырғанда қолайлы деңгейде болды. Зерттелген дарақтар үшін Фультон коэффициентінің орташа мәні 1,7, ал Кларк коэффициенті 1,5 болды. Бұл көрсеткіштер популяциядағы дарақтардың энергетикалық қоры жеткілікті екенін көрсетеді. Bashar және әріптестері (2021) жүргізген зерттеулерде қондылық коэффициенттерінің төмен вариациясы қоректік жағдайдың тұрақтылығымен және қоршаған ортаның қолайлылығымен байланысты екендігі көрсетілген. Біздің зерттеуімізде де коэффициенттердің вариация деңгейі төмен болғандықтан, Каспий теңізінің зерттелген бөлігінде қаракөз үшін қоректік жағдайлардың қолайлы екендігі байқалады.

Қондылық көрсеткіштері тек қоректік базаның жағдайын ғана емес, сонымен қатар балықтардың жалпы физиологиялық күйін де сипаттайды. Солтүстік Каспий аймағында жүргізілген алдыңғы зерттеулерде де қаракөздің қондылық көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғары деңгейде болғаны көрсетілген. Бұл аймақтағы бентос организмдерінің және басқа азықтық нысандардың жеткілікті таралуымен түсіндіріледі. Сонымен бірге, қондылық коэффициенттерінің тұрақтылығы зерттеу кезеңінде қолайсыз экологиялық факторлардың әсері айқын байқалмағанын көрсетеді. Қондылық коэффициенттері (Fulton және Clark) бойынша алынған нәтижелер ($C_v=11-12\%$) олардың тұрақтылығын көрсетеді және бұл көрсеткіштер балықтардың қоректік

жағдайының жақсы екенін білдіреді. Ұқсас нәтижелер басқа зерттеулерде де кездеседі, мысалы, еңбектерінде қондылық коэффициентінің төмен вариациясы тұрақты қоректік жағдай мен қолайлы экологиялық ортаны көрсететіні атап өтілген.

Популяцияның ұзындық және жас құрылымына келетін болсақ, 12–15 см өлшемдегі және 2–3 жастағы дарақтардың басым болуы көптеген су айдындарындағы табиғи популяцияларға тән құбылыс. Басқа да зерттеулерде [Britton et al, 2007: 135–138; Nikolsky, 1963: 368] жас дарақтардың популяцияда басым болуы популяцияның тұрақты жаңарып отыратынын, бірақ ірі дарақтардың аз болуы балық аулау қысымымен немесе табиғи өлім-жітіммен байланысты екенін көрсетеді. Сіздің деректеріңізде де ірі және ересек балықтардың үлесінің төмен болуы осы факторлардың әсерін меңзейді. Популяцияның жас құрылымын талдау барысында 2–3 жастағы дарақтардың басым екендігі анықталды. Бұл көрсеткіштер табиғи толықтыру процесінің белсенді жүріп жатқанын білдіреді. Nikolsky (1963) табиғи популяцияларда жас дарақтардың басым болуы тұрақты көбею процесінің маңызды көрсеткіші екенін атап көрсеткен. Britton және әріптестері (2007) де көптеген балық түрлерінде жас топтардың басымдығы популяцияның қалыпты демографиялық құрылымын көрсететінін анықтаған. Сонымен қатар зерттелген популяцияда ірі және жасы үлкен дарақтардың үлесі төмен болды. Мұндай жағдай Солтүстік Каспийдегі басқа зерттеулерде де байқалған. Көптеген авторлардың пікірінше, бұл құбылыс табиғи өлім-жітіммен қатар кәсіптік аулау қарқындылығының әсерімен түсіндіріледі. Ересек дарақтардың азаюы ұзақ мерзімді перспективада популяция құрылымына әсер етуі мүмкін болғандықтан, олардың үлесін тұрақты бақылау маңызды болып табылады.

Жыныстық құрылым бойынша аталықтардың басымдығы (шамамен +10 %) кейбір тұқы балықтарына үшін тән құбылыс болып табылады және бұл да экологиялық жағдайларға, уылдырық шашу кезеңіне немесе іріктемелік аулауға байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, ювенальді дарақтардың аз болуы олардың негізінен жағалаулық аймақтарда шоғырлануымен түсіндіріледі, бұл да әдеби деректермен сәйкес келеді. Жыныстық құрылымды зерттеу нәтижелері аталық дарақтардың аздап басым екенін көрсетті. Осындай жағдай тұқы тұқымдасының басқа өкілдерінде де кездеседі. Әдеби деректер бойынша жыныстық қатынастың өзгеруі қоршаған ортаның жағдайына, көбею кезеңінің ерекшеліктеріне және зерттеу жүргізілген маусымға байланысты болуы мүмкін. Біздің зерттеулерімізде аналық дарақтардың үлесі жеткілікті деңгейде сақталған, бұл популяцияның көбею әлеуетінің төмендемегенін көрсетеді.

Қоректену белсенділігіне жүргізілген талдау нәтижесінде дарақтардың басым бөлігінде ішек толымдылығының 2–3 балдық көрсеткіштері анықталды. Лебедев (1959) әдістемесі бойынша мұндай көрсеткіштер балықтардың қалыпты және белсенді қоректену жағдайын сипаттайды. Dautbayeva және әріптестері (2017) Солтүстік Каспийдегі балықтардың трофикалық байланыстарын зерттеу барысында қаракөздің қоректену белсенділігі қоректік организмдердің маусымдық өзгерістеріне тәуелді екенін көрсеткен. Біздің зерттеу жүргізілген кезеңде ішек толымдылығының жоғары болуы табиғи азықтық ресурстардың жеткілікті деңгейде болғанын дәлелдейді.

Қоректену белсенділігіне қатысты ішек толымдылығының 2–3 балл деңгейінде басым болуы ($\approx 97\%$) балықтардың белсенді қоректену фазасында екенін көрсетеді. [Лебедев, 1959] әдісі бойынша жүргізілген ұқсас зерттеулерде де табиғи жағдайда қорек жеткілікті болғанда балықтардың басым бөлігі орташа және жоғары толымдылық деңгейінде болатыны көрсетілген.

Қазіргі уақытта Каспий теңізі экожүйесі климаттық және антропогендік факторлардың ықпалында қалып отыр. Теңіз деңгейінің өзгеруі, өзендердің ағын көлемінің азаюы және жағалаулық экожүйелердің трансформациясы көптеген балық түрлерінің таралуына әсер етеді. Соған қарамастан, зерттелген қаракөз популяциясының негізгі биологиялық көрсеткіштері оның қазіргі уақытта экологиялық жағдайларға жақсы бейімделгендігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер халықаралық зерттеулерде сипатталған заңдылықтармен сәйкес келеді және Каспий қаракөзі популяциясының қазіргі жағдайын сенімді бағалауға мүмкіндік береді. Ұзындық-салмақ арақатынасының жоғары деңгейде болуы, қондылық коэффициенттерінің тұрақтылығы, жас дарақтардың басымдығы және қоректену белсенділігінің жоғары болуы популяцияның қанағаттанарлық биологиялық жағдайын көрсетеді. Сонымен бірге Каспий теңізіндегі экологиялық өзгерістерді ескере отырып, қаракөз популяциясына ұзақ мерзімді мониторинг жүргізу және оның биологиялық көрсеткіштерін тұрақты бақылау болашақта ерекше маңызды болып қала береді. Зерттеу нәтижелерін Солтүстік Каспий аймағында жүргізілген басқа жұмыстармен салыстыру

қаракөз популяциясының негізгі биологиялық көрсеткіштері өңірлік заңдылықтарға сәйкес келетінін көрсетті. Ұзындық пен салмақ арасындағы жоғары корреляциялық байланыс популяциядағы өсу процесінің тұрақты жүретінін және қоректік ресурстардың жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде Каспий теңізінде байқалып отырған гидрологиялық өзгерістер балықтардың таралуына, көші-қонына және қоректену ерекшеліктеріне әсер етеді. Теңіз деңгейінің төмендеуі жағалаулық экожүйелердің өзгеруіне алып келіп, көптеген гидробионттардың таралу аймақтарына ықпал етеді. Осындай жағдайларда қаракөздің жоғары қондылық көрсеткіштері оның экологиялық бейімделу қабілетінің жеткілікті екенін көрсетеді.

Популяция құрамында жас дарақтардың басым болуы табиғи толықтыру процесінің жалғасып жатқанын білдіреді. Сонымен бірге ересек дарақтардың салыстырмалы түрде аз болуы кәсіптік аулау қысымымен, табиғи өлім-жітіммен және экологиялық факторлармен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдай болашақта популяцияның жас құрылымын тұрақты мониторингтеудің қажеттілігін көрсетеді.

Қоректену белсенділігінің жоғары болуы қаракөздің зерттеу кезеңінде табиғи қорекпен жақсы қамтамасыз етілгенін дәлелдейді. Бентос организмдері мен басқа азықтық нысандардың жеткілікті болуы дарақтардың жақсы физиологиялық жағдайын қамтамасыз етеді. Сондықтан азықтық базаның динамикасын бақылау қаракөз қорының болашақтағы жағдайын болжауда маңызды рөл атқарады.

Алынған нәтижелер Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы қаракөз ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру үшін маңызды ғылыми ақпарат болып табылады. Болашақ зерттеулерде көпжылдық мониторинг жүргізіп, гидрологиялық және климаттық факторлардың популяция динамикасына әсерін бағалау ұсынылады.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қаракөз (*Rutilus caspicus*) популяциясының қазіргі биологиялық жағдайына кешенді баға берілді. Зерттеу барысында ауланған 442 дарақтың морфометриялық, популяциялық және трофикалық көрсеткіштері анықталып, олардың өсу ерекшеліктері, жас-жыныстық құрылымы және қоректену белсенділігі жан-жақты талданды.

Морфометриялық көрсеткіштерді зерттеу нәтижесінде қаракөз балығының жалпы ұзындығы 124–280 мм, ал салмағы 15–245 г аралығында өзгертінді анықталды. Ұзындық көрсеткіштері бойынша вариация деңгейі салыстырмалы түрде төмен болғанымен, салмақ көрсеткіштері жоғары өзгергіштікпен сипатталды. Бұл популяция құрамында әртүрлі жас және мөлшерлік топтарға жататын дарақтардың болуымен, сондай-ақ қоректену жағдайларының ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Ұзындық пен салмақ арасындағы тәуелділік жоғары деңгейде екендігі анықталды. Ұзындық–салмақ арақатынасы бойынша есептелген $W = aL^b$ теңдеуі зерттелген популяция үшін жоғары сенімділік көрсетті ($R^2 = 0,951$). Алынған $b = 2,985$ көрсеткіші қаракөз балығында теріс аллометриялық өсу байқалатынын көрсетті. Бұл зерттеу кезеңінде балықтардың ұзындық бойынша өсу қарқынының салмақ қосу қарқынынан біршама жоғары болғанын білдіреді.

Фультон және Кларк қондылық коэффициенттерінің орташа мәндері зерттелген дарақтардың физиологиялық жағдайының жақсы екенін көрсетті. Қондылық көрсеткіштерінің вариация коэффициенттерінің төмен болуы популяциядағы дарақтардың қоректік жағдайының салыстырмалы түрде тұрақты екендігін және олардың тіршілік ортасының қолайлы болғанын дәлелдейді. Бұл зерттеу жүргізілген кезеңде табиғи азықтық базаның жеткілікті деңгейде болғанын көрсетеді.

Популяцияның жас құрылымын талдау нәтижесінде 2–3 жастағы дарақтардың басым екендігі анықталды. Бұл табиғи толықтыру процесінің белсенді жүріп жатқанын және популяцияның жаңару қабілетінің сақталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, ірі және жасы үлкен дарақтардың үлесінің төмен болуы табиғи өлім-жітімнің, кәсіптік аулау қысымының немесе экологиялық факторлардың ықпалымен байланысты болуы мүмкін. Жыныстық құрылым бойынша аталық дарақтардың үлесі аналықтарға қарағанда жоғары болды, алайда аналықтардың жеткілікті мөлшерде кездесуі популяцияның көбею әлеуетінің сақталғанын көрсетеді.

Қоректену белсенділігін бағалау нәтижесінде балықтардың басым бөлігінде ішек толымдылығының 2–3 балдық деңгейлері анықталды. Бұл қаракөздің зерттеу кезеңінде белсенді қоректенгенін және табиғи қорек ресурстарының жеткілікті болғанын дәлелдейді. Қоректену көрсеткіштері популяцияның физиологиялық жағдайымен және қондылық коэффициенттерімен үйлесімді сипатта болды.

Жалпы алғанда, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қаракөз популяциясының қазіргі жағдайы

қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланды. Популяция табиғи көбею қабілетін сақтап отыр, коректік базамен жеткілікті қамтамасыз етілген және экологиялық жағдайларға жақсы бейімделген. Зерттеу нәтижелері Каспий теңізіндегі қаракөз ресурстарының жағдайын мониторингтеу, олардың қорларын ғылыми негізде бағалау және балық ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау шараларын жетілдіру үшін маңызды ғылыми дереккөз болып табылады. Болашақта көпжылдық бақылаулар жүргізу арқылы популяция динамикасына климаттық және антропогендік факторлардың әсерін бағалау қажеттілігі сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Баққожа Ж.М., Аблайсанова Г.М., Сансызбаев Е.Т., Исакова Г.О., Дүйсенбекова Г.Г. (2025). Қапшағай су қоймасындағы Каспий қаракөзі *Rutilus caspicus* (Yakovlev 1870) популяциясының морфологиялық белгілерін талдау. Ізденістер, нәтижелер. No4. (108). <https://doi.org/10.37884/4-2025/10>
- Ветгулина Т.А. (2017) Влияние факторов окружающей среды на формирование промысловых уловов плотвы обыкновенной (*Rutilus rutilus* CASPICUS) в Волго-Каспийском и Северо-Каспийском рыболовных районах // Вестник Астраханского государственного технического университета. Серия: Рыболовство / Выпуск 4. 22–28 стр.
- Bashar A., Hasan N.A., Haque M.M., Rohani Md.F., Hossain Md.S. (2021). Effects of Dietary Silica Nanoparticle on Growth Performance, Protein Digestibility, Hematology, Digestive Morphology, and Muscle Composition of Nile Tilapia, *Oreochromis niloticus*. August 2021. *Frontiers in Marine Science*. 8:706179. <https://doi.org/10.3389/fmars.2021.706179>. DOI: 10.3389/fmars.2021.706179
- Britton J.R., & Davies G.D. (2007). Length–weight relationships and condition factors of some freshwater fishes in the River Teme // UK. *Journal of Applied Ichthyology*. 23(2). 135–138. <https://doi.org/10.1111/j.1439-0426.2007.00870.x>Digital Object Identifier (DOI)
- Иванов В.П. (2000). Биологические ресурсы Каспийского моря (монография). Описывает биологические ресурсы, включая рыб и их промышленное использование. — Астрахань: Изд-во КаспНИРХ, 83 с.
- Камелов С.М., Попов В.А. (2020). Биологические показатели и структура популяции рыб Северо-Восточного Каспия. Вестник рыбохозяйственной науки Казахстана. 2. 45–52.
- Кушнаренко А.И. (2003). Эколого-этологические основы количественного учета рыб Северного Каспия. — Астрахань: КаспНИРХ. — 2003. — 180 с.
- Лакин Г.Ф. (1990). Биометрия. — М.: Высшая школа. 352 с.
- Лебедев Н.В. (1959). Методы изучения питания рыб. — М.: Пищевая промышленность.
- Harkonen T., Jussi M., Baimukanov M., et al. (2008). Pup production and breeding distribution of the Caspian seal (*Phoca caspica*) in relation to human impacts // *Ambio*. Vol. 37(5). — Pp. 356–361. DOI:10.1579/07-R-345.1
- Никольский Г.В., (1963). Экология рыб. — М.: Высш. школа, 1963. — 368 с.
- Митрофанов В.П., Дукравец Г.М., Сидорова А.Ф., Солонинова Л.Н. (1987). Рыбы Казахстана: 2 том, Карповые. —А., 52–65 стр.
- Motasim A.M., Osman M.F., Sayed M.A., (2015). Length-Weight and Some Morphometric Relationships of *Valamugil seheli* from Sudanese Red Sea Coast // *Open Access Library Journal*. Vol.2. No.11. 10.4236/oalib.1101621Dautbayeva K.Z., Zhumagulova, A.K., Sagyndykova, G.M. (2017). Feeding ecology and trophic relationships of fish in the Northern Caspian Sea // *Journal of Ichthyology*. 57(3). 412–420.
- Salauat D., Shalgimbayeva S., Omarova Zh., Jumakhanova G. and Zhanysbay G. (2024). Current state of juvenile roach (*Rutilus rutilus caspicus*) BIO Web of Conferences 100. 04019. <https://doi.org/10.1051/bioconf/202410004019>
- Чугунова Н.И. (1952). Методики изучения возраста и роста рыб. — М.: Пищевая промышленность. 115 с.
- Правдин И.Ф. (1966). Руководство по изучению рыб. — М. Пищевая промышленность. 376 с
- Froese R. (2006). Cube law, condition factor and weight–length relationships: history, meta-analysis and recommendations. *Journal of Applied Ichthyology*. 22(4). 241–253.
- Le Cren, E.D. (1951). The length–weight relationship and seasonal cycle in gonad weight and condition in the perch (*Perca fluviatilis*)// *Journal of Animal Ecology*. 20(2). 201–219.

REFERENCES

- Ali S.S., Salam, A., Azeem A., et al. (2000). Studies on the Effect of Seasonal Variations on Physical and Chemical Characteristics of Mixed Water from Rivers Ravi and Chenab at Union Site in Pakistan // *Journal of Research*. 2. 1–17.
- Britton J.R., & Davies G.D. (2007). Length–weight relationships and condition factors of some freshwater fishes in the River Teme // — UK. *Journal of Applied Ichthyology*. 23(2).135–138. <https://doi.org/10.1111/j.1439-0426.2007.00870.x>Digital Object Identifier (DOI)
- Bakkozha ZH.M., G.M. Ablajsanova, E.T. Sansyzbaev, G.O. Isakova, G.G. Dyjsenbekova (2025). Kapshagaj su koimasynyday Kaspii karakozi *Rutilus caspicus* (Yakovlev 1870) populyaciya synyn morfologiyalyk belgilerin taldau // *Izdenister, natizheler*. No4. (108). <https://doi.org/10.37884/4-2025/10>
- CHugunova N.I. (1952). Metodiki izucheniya vozrasta i rosta ryb. — М.: Pishchevaya promyshlennost'. 115 p.
- Dautbayeva K.Z., Zhumagulova A.K., Sagyndykova G.M. (2017). Feeding ecology and trophic relationships of fish in the Northern Caspian Sea. *Journal of Ichthyology*. 57(3). Pp. 412–420.
- Froese R. (2006). Cube law, condition factor and weight–length relationships: history, meta-analysis and recommendations. *Journal of Applied Ichthyology*. 22(4). Pp. 241–253.
- Harkonen T., Jussi M., Baimukanov M., et al. (2008). Pup production and breeding distribution of the Caspian seal (*Phoca caspica*) in relation to human impacts // *Ambio*. Vol. 37(5). — Pp. 356–361. DOI: 10.1579/07-R-345.1.
- Ivanov V.P. (2000). Biologicheskie resursy Kaspijskogo morya (monografiya). O pisyvaet b iologicheskie resursy, v klyuchaya r yb i ih promyslovoe ispol'zovanie.— Astrahan': Izd-vo KaspNIRH, 83 p.
- Kamelov S.M., Popov V.A. (2020). Biologicheskie pokazateli i struktura populyacii ryb Severo-Vostochnogo Kaspiya. Vestnik rybohozyajstvennoj nauki Kazahstana. 2. 45–52.
- Kushnarenko A.I. (2003). Ekologo-etologicheskie osnovy kolichestvennogo ucheta ryb Severnogo Kaspiya. — Astrahan': KaspNIRH. — 2003. — 180 p.
- Lebedev N.V. (1959). Metody izucheniya pitaniya ryb. Moskva: Pishchevaya promyshlennost'.
- Le Cren, E.D. (1951). The length–weight relationship and seasonal cycle in gonad weight and condition in the perch (*Perca fluviatilis*). *Journal*

of Animal Ecology. 20(2). 201–219.

Lakin G.F. (1990) Biometriya. — M.: Vysshaya shkola. — 352 p..

Mitrofanov V.P. Dukravec G.M., Sidorova A.F., Solonipova L.N. (1987). Ryby Kazahstana: 2 tom, Karpovye. — A., — Pp. 52–65

Motasim A.M., Osman M.F., Sayed M.A. (2015). Length-Weight and Some Morphometric Relationships of Valamugil seheli from Sudanese Red Sea Coast. Open Access Library Journal. — Vol. 2.— No.11. 10.4236/oalib.1101621

Nikol'skij G.V. (1963). Ekologiya ryb. — M.: Vyssh. Shkola. 1963. — 368 p.

Vetgulina T.A. (2017). Vliyanie faktorov okruzhayushchej sredy na formirovanie promyslovyh ulovov plotvy obyknovnoy (Rutilus rutilus CASPICUS) v Volgo-Kaspijskom i Severo-Kaspijskom rybolovnyh rajonah. Vestnik Astrahanskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. Seriya: — Rybolovstvo / Vypusk 4. — Pp. 22–28

Salauat D., Shalgimbayeva S., Omarova Zh., Jumakhanova G. and Zhanysbay G. (2024). Current state of juvenile roach (Rutilus rutilus caspicus) BIO Web of Conferences 100. 04019. <https://doi.org/10.1051/bioconf/202410004019>

Pravdin I.F. (1966). Rukovodstvo po izucheniyu ryb. — M. Pishchevaya promyshlennost'. —376 p.

Авторлардың мақалаға қосқан үлесі

Абилов Бердібек Ибрагимұлы – ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу, далалық жағдайда зерттеулер жүргізу және зертханалық жағдайда өңдеу, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу, мақала мәтінін жазу және редакциялық жұмыстарды жүргізу.

Асылбекова Сауле Жангирқызы – зерттеу жұмысына жалпы ғылыми жетекшілік ету және кіріспе бөліміне қажетті отандық және шетелдік әдебиет көздеріне шолу жасау.

Долгополова Светлана Юрьевна – ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу, жиналған мәліметтерді өңдеу және талдау.

Мұқатай Аида Айғалымқызы – ғылыми жұмыста қолданылатын әдістемелерді талдау, мақаланы талқылау.